



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak\_uni@mail.ru

№06 (8984)

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

СЕНБІ  
22 қантар, 2022 жыл



## Президент жаңа Қазақстанның мақсаты туралы айтты

Барлық күш-жігеріміз миллиондаған қазақстандықтың қауіпсіздігі мен тұрмыс жағдайының сапасын жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-де жазды, деп хабарлайды Егемен.kz.

«Біз ұлттық экономиканың ашықтығына, көлісім-шарттарға қол сұхылмайтынына, зияткерлік мешінік құқығы сақталатынына және жемқорлықпен аясыз құрес жалғаса беретініне кепілдік береміз», деп жазды Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент жаңа Қазақстан құрудың мақсатын айтты.

«Жаңа Қазақстанның мақсаты – азаматтардың әл-ауқатын арттыру, табыс алшақтығын жою, жұмыс орындарын ашу және инфляцияны тежеу. Біздің барлық күш-жігеріміз миллиондаған қазақстандықтың қауіпсіздігі мен тұрмыс жағдайының сапасын жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан экономикасы орнықтылығын көрсетті. Үкімет отандық, шетелдік инвесторлар мен сауда жөніндегі серіктестеріміздің сенімін арттыру үшін барлық қажетті шараны қабылдайды», деді Қ.Тоқаев.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Президент жаңадан тағайындалған Қорғаныс министрін таныстыруды

Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Құштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кеңес өткізді, деп хабарлайды Егемен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мұрат Бектановты Қорғаныс министрі лауазымынан босатып, бұл қызметке Руслан Жақсылықовты тағайында турали Жарлықтарға қол қойғанын хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа министрдің кадрлық әскери қызметкер екенін, арнайы білімді Алматы Жоғары жалпыәскери командалық училищесінде оқығанын, кейін М.В.Фрунзе атындағы академияда және Ресей Федерациясы Қарулы Құштері Бас штабының Әскери академиясында білімін жалғастырғанын атап етті.

–Оның тәжірибелі мол. Ішкі әскерде 30 жылдан астам қызмет етті. Ол қатардағы жауынгерден бастап, әртүрлі басшылық қызметтердің атқарды. Ішкі істер министрлігінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысына дейінгі әскери жолдан өтті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Құштерге деген талаптың қүшіне түсkenіne тоқталды.

– Армия Тәуелсіздігіміздің тірері болып, мемлекет мұдделерін қорғауы тиіс. Қаңтар оқиғасы кезінде Қарулы Құштер өзіне сенімсіз ері қабілетсіз басшылығының кесірінен жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде атқара алмады. Министр Бектанов командирлік қабілетін көрсете алмады. Командалық-штабтық және әскери жаттығулар кезінде он нәтиже көрсеткен армиямыз бола тұра, сын сағатта оның әлеуетін пайдалана алмадық. Сырттан көмек шақыруға мәжбүр болдық, деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Сонымен қатар Президент Қазақстандағы бітімгерлік миссиясын аяқтаған ҰҚШҰ контингентінің жұмысына оң баға берді.



жауынгерлік жабдықтарын жаңарту міндетін жүктеді.

–Әскердегі қару-жарақтың дені – 30-50 жыл болған кеңес дәүіріндегі техника. Ескірген техникалардың мерзімінің өткеніне байланысты қару-жарақ паркін жаңарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қарулы Құштер заманауи ері жоғары технологиялық қару-жарақпен, әскери техникамен жабдықталуы тиіс.

Қабылданатын шаралар жүйелі болуы керек. Қару-жарақ пен әскери техниканың жөндөйтін, оларға қызымет көрсететін отандық өндірісті дамыту қажет, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Мемлекет басшысы әскердің шұғыл әрекет ету қабілетін артырып, әскери-транспорттық авиацияның әлеуетін күшітілу қажет екеніне тоқталды. Оның айтуынша, әскери борышты өтеу міндетінің беделін көтеріп, абыройын арттыру қажет.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар оқиғасының сабактарын еске атты, Қару-жарақ және әскери техника сатып алу жөніндегі 2022 жылға арналған жоспарды қайта қарууды және Қарулы Құштердегі кадрлық әлеуетті арттыру шараларын қабылдауды тапсырыды.

Бұдан кейін Руслан Жақсылықов Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі ретінде атты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан армиясының техникалық және

«Егемен Қазақстан» газетінен.

### Аудан тұрғындарының назарына!

Аудан әкімі есеп беру кездесулері басталғанға дейін азаматтарды жеке қабылдау күндерін 2022 жылдың 15 және 28 ақпан күндері сағат 10.00-13.00 аралығында азаматтарды өтініштері бойынша жеке қабылдау өткізеді.

Осыған орай, 8 (72546) 46-21 телефонына сенбі, жексенбі күндердің қоспағанда күнделікті сағат 9.00-13.00, 15.00-19.00, 8 7029132077 WhatsApp нөміріне хабарласуға болады.

Өттегі орны: аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.



**«Орталық атқарушы органдар басшыларының, акімдердің, ұлттық жөғары оқу орындары ректорларының халықта есеп беру кездесулерін өткізу туралы»  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандығы №190 Жарлығына сәйкес Созақ ауданы акімі және ауылдық округтері мен кенттері акімдерінің  
халықта есеп беру кездесулерінің КЕСТЕСІ**

(15-25.02.2022 жыл)

K/c	Аудан, ауылдық округтер атапу	Елді мекен атапу	Есеп беретін әкімнің аты-жөні	Күні, уақыты	Әлеуметтік желідегі сілтемесі	Кездесудің өтетін орны	Сұрақтар беруге арналған телефон, электрондық поча, жәшік орналасқан мекен жайы
1	Шу	Шу	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	16.02.2022ж Сағат 10.00	<a href="https://www.facebook.com/shu.akimat">https://www.facebook.com/shu.akimat</a>	Ж.Қаламбаев атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-01 da.dosymbekov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
2	Тасты	Қылти	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 11.00		Абай атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-38 m.tleulinov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Тасты	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	16.02.2022ж Сағат 12.00	<a href="https://www.facebook.com/tastyakim">https://www.facebook.com/tastyakim</a>	Абай атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
3	Жуантебе	Жуантебе Қоңыратарық	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	16.02.2022ж Сағат 15.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100025585327589">https://www.facebook.com/profile.php?id=100025585327589</a>	С.Сейфуллин атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-36 d.abraev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
4	Қызметшек	Тайқоныр	кент әкімі	15.02.2022ж Сағат 11.00		Т.Момбеков атындағы ЖОМ мәжіліс залы Мәдениет спорт кешени	8/72546/47-06 e.zhumabaev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Қызметшек	Аудан әкімі кент әкімі	16.02.2022ж Сағат 17.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100011408784734">https://www.facebook.com/profile.php?id=100011408784734</a>		
5	Сызған	Қайнар	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 11.00		C.Макаренко атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-21 s.mamatov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Сызған	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 15.00		К.Рустемов атындағы ЖОМ мажіліс залы	
		Қозмолдақ Басбұлақ	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	17.02.2022ж Сағат 10.00		F.Мұратбаев атындағы ЖОМ мажіліс залы	
6	Созақ	Ыбырай Қақпансор	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 11.00		Құрманғазы атындағы ЖОМ мажіліс залы	8/72546/47-07 b.ayarov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Көктебе	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 15.00		Сыңындық ЖОМ мажіліс залы	
		Созақ Шақырық	Аудан әкімі Аудан әкімі	17.02.2022ж Сағат 12.00.		Ауылдық мәдениет үйі	
7	Қарағұр	Раң	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 11.00		Б.Батырбекова атындағы ЖОМ мажіліс залы	8/72546/47-31 o.zhamiev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Шага	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 15.00		С.Бақбергенов атындағы ЖОМ мажіліс залы	
		Қарағұр	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	17.02.2022ж Сағат 15.00		Қарағұр ЖОМ мажіліс залы	
8	Қаратай	Ақсүмбे	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 10.00		C.Қожанов атындағы ЖОМ мажіліс залы	8/72546/47-29 o.ermakhan@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Сарыжаз	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 12.00		Сарыжаз негізгі орта мектебінің мажіліс залы	
		Қаратай	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	17.02.2022ж Сағат 17.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100015001120703">https://www.facebook.com/profile.php?id=100015001120703</a>	Панфилов атындағы ЖОМ мажіліс залы	
9	Жартытебе	Ақжолтық	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 10.00		Ш.Уалиханов атындағы ЖОМ мажіліс залы	8/72546/47-03 b.esenkabyl@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Бабата	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 12.00		М.Меметова атындағы ЖОМ мажіліс залы	
		Жартытебе	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	18.02.2022ж Сағат 10.00		Ауылдық клуб	
10	Құмкент	Қызылкөл	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 10.00		Ауылдық клуб	8/72546/47-25 g.pardebekuly@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Құмкент Қызылқанат	Аудан әкімі Ауылдық округ әкімі	18.02.2022ж Сағат 12.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100012905161071">https://www.facebook.com/profile.php?id=100012905161071</a>	Ауылдық мәдениет үйі	
11	Таукент	Таукент	Аудан әкімі кент әкімі	18.02.2022ж Сағат 16.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=1000">https://www.facebook.com/profile.php?id=1000</a>	I.Кеңесбаев атындағы ЖОМ мажіліс залы	8/72546/47-17 m.osrapov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
12	Шолаққорған	Абай	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 10.00		Иманов атындағы ЖОМ мажіліс залы	8/72546/47-13 a.elibaev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Балдысу Қарабұлақ	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 12.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100016017283010">https://www.facebook.com/profile.php?id=100016017283010</a>	Жамбыл атындағы ЖОМ мажіліс залы	
		Шолаққорған Теріскеу Жеткенешек	Ауылдық округ әкімі	15.02.2022ж Сағат 16.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100016017283010">https://www.facebook.com/profile.php?id=100016017283010</a>	Ауыл Аудан әкімі мажіліс залы	
		Шолаққорған	Аудан әкімі (аудан әкімінің қорытынды есебі)	25.02.2022ж Сағат 11.00	<a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100012839862726">https://www.facebook.com/profile.php?id=100012839862726</a>	Аудан әкімдігінің мажіліс залы	8/72546/46-21 a.akimat@ontustik.gov.kz Жәшік аудан әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp

# ҮЙДЕГІ НАРЫҚТЫ БАЗАРДАҒЫ БАҒА БҰЗАДЫ



## Немесе азық-тұлік бағасы қайтсе тұрақтанады?

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжлісінің отырысында сөйлеген сөзінде елдегі жағдайларды бағамдай келе «Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-тұлік жеткізу ісінің еш кедергісін жұмыс істеудің қамтамасызын ету қажет. Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды» екенін айта келіп Үкіметтік комиссияға тапсырмалар берген еді. Сондай-ақ, Президент «Адал бәсекелестік біздің экономика үшін басты талапқа айналуы тиис екенін», алайда «бағаны ымыраласа отырып белгілеу қалыпты жағдайға айналып отырганын» сынға алған болатын. Қазақтың біртуар перзенті Майлы Бейімбеттің «Даудың басы-Дайрабайдың көп сиры» атты шығарма-сана көз жүргіртіп етілізші. Онда:

«Дайрабай: -Уа, алғыс жерден келген кісі екенсін, мүмкін болса айттын арызым бар.

-Дайрабайдың айтқалы тұрғаны жарыс сөз. Жарыс сөзді қоя тұрып, алдымен сұрау болса екен?-деді Қусебай.

-Қақпайлама, жолдас, неге қақпайлайсың? Мен айтсам - мұнымды айтам. Мұнымды айтуда еріктімін!.. Мына көзет не деп отыр. Оқышы! .

Айт, айт айтуда келдік қой! -деп құлақ толы жұрт шулап жатыр.

-Уа, жолдас, «Көк сиырдың дауы» деп жұрт күлер. Жұртқа күлкі болғанмен маған күлкі емес, мен жолсыз істі айтпай тұра алмаймын. Жұздерін жырта-жырта айтамын!-деді ашынған Дайрабай» деген жолдар бар. Сол сиқытқа баға деген жаурықтық елді арагідік улыған-шұлыған етіп тұрмаса көнілі көншімейді-ау.

«Астанада өткен Үкімет отырысында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі азық-тұлік бағаларын тұрақтандыру мақсатында қолға алған бірқатар іс-шараларын атап өтті»-деген жылы хабары құлаққа жылы тиді. Олай дейтініміз Президент «ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару көректігін, Соңғы жылы елдегі қуаңшылықта байланысты астық көлемінің аз екенін» тілге тиек өткен еді.

Министрдің айтуы бойынша «Мемлекеттік бағасының тапсырмасымен әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында АгроОнеркәсіптік кешенді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жобасы аясында импортты алмастыру жөніндегі іс-шаралар кешені көзделді. Министрлік бірқатар жедел шаралар қабылдауды: 2022 жылы 1 шілдеге дейінгі мерзімге 125 мың тонна күнбағыс тұқымдары мен 110 мың тонна күнбағыс майы экспорттына сандық шектеулер енгізу; картоп пен сәбізді экспорттауға 3 ай мерзімге тыйым

салу; ірі қара мал мен ұсақ малды экспорттауға 6 ай мерзімге тыйым салды. Сондай-ақ, министр ол нан бағасын тұрақтандыру мақсатында қантардан бастап азық-тұлік көлісімшарт корпорациясы әлеуметтік нан өндіру үшін өнірлерге өткізетін астық құны субсидияланатындығын айтты. «Бұл төтік Азық-тұлік көлісімшарт корпорациясының ішкі нарықта астықты нарықтағыдан төмен бағамен өткізу шығыстарын өтеуді көздейді», - деді Ербол Қарашекеев.

Озге де өнірлер сиқытты Шымкентте азық-тұлік бағасына бақылау күштейтіліпти. Шымкент қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік қоры мен қалыпты бөлке нан бағасы тұрақты және тапшылық

диірмендерде екі айға жететін шикізат бар. Қаланың жағдайы осындағы екен. Ал ауылдағы баға тұрақтылығы қандай? Негізінде ұн бағасының көтерілуі нан бағасының өсуіне әсер ететін анық. Сондайтана да бағаны тұрақты ұстап тұру үшін шетелге экспортталатын ұн көлемін азайта тұрған абыз. Мысалы қазіргі таңда қалада қалыпты бөлке нан бағасын тұрақтандыру мақсатында, наубайханаларға тұрақтандыру қорынан әлеуметтік бағада ұн үлестірілуде. Сондай-ақ, макарон өнімдері әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының тізбесіне енүіне байланысты, тұрақтандыру қорының айналым қаражаты есебінен аталаған өнімнің бағасын

біздің тұтынатын азық-тұлік тауарларымыз тікелей қаладан әкелінеді. Осы игі бастаманы қолға ала отырып, ауданда әлеуметтік маңызы бар тауарларды тұрақтандыру мақсатында азық-тұлік сататын сауда желілерімен келіссөз жүргізілуі керек сияқты. Әлгіндей әкімдіктің тікелей телефон желісі болса? Нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік бағасын көтермеу бойынша көлісім жасалады. Және қашан бір жүйеге түскенінше күн сайын мониторинг жүргізіліп отыrsa дұрыс болар еді. Мен осы мақала барысында қажетті деген әлеуметтік ас-ауқат түрлерінің тізімін жасап алдым. Оларды атап етсем, ұн, нан (тандыр, бөлке, қара нан), құмшекер, қант, сут, айран, шай, піste май, картоп, сәбіз, пияз, тұз, жұмыртқа. Кеінде ауданың әкімі болған Қуаныш Айтаханов апта сайын орталық базарға шығып, дүкен сөрелерін арапап, тілті, үйнеді қаз, үйректеріне өзі жүгері, бидай, майда жем алғып, сатушымен көдімгідей саудаласып тұратын. Қанша теңгеден әкелдін? Үстіне қанша қосасың? -деген сауалдар арқылы орталық базарда бәсекелестік болуы үшін, бағаны шарықтаппай ұстап тұру үшін бюджеттен қаржы бөліп, тиисті бөлімдер арқылы арнағы көсіпкерлердің төменгі бағада ұстаудың ұйымдастырғанын білетінбіз. Бұл да болса, саудагерлердің, дүкен иелерінің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіретін тәсіл болатын. Ал енді жогары билікке қарап қол қусырып қарап отыра беру әркімнің де қолынан келеді. Десе де өткен жолғы Үкімет отырысында жаңа Премьер Министр Әлихан Смайловтың «Біз үшін ең басты мақсат - халықтың табысын арттыру. Кез келген жоспар, кез келген бағдарлама бірінші кезекте халықтың табысын арттыруға бағытталуы тиіс»,-деген сөзі айлық қетеріледі, бағаны да көтеруге дайындалындар деген сөз емес. Осы жерде Үкімет тарапынан бағаны тізгіндең тұру үшін құқықтық механизм көрек сияқты..

Бағаның тұрақсыздығына көзіміз бен құлағымыз әбден үйреніп кеткен сияқты. Айлыққа немесе жалақыға болмаша пайыздың үстеме қосылады деген ақпарат құлаққа тиер тиместен алдымен дүкен иелері бірінші естиді. Шымкенттен, не басқа да қалалардан түндеған әкелген азық-тұліктері сөреғе шыға салысымен шарықтап тұрады. Айналайын бұл азық-тұліктерді әлі пенсия мен айлыққа үстеме қосылмай тұрып, баға көтерілмей тұрып әкелінген өнімдерға ғой. Неге қымбаттатып жатырысың?- дейтін болсан, олар: Соткадан есіттік азық-тұлік бағасы қымбаттайтын екен?-деп қарап тұрады.

тұрақтандыру шаралары жүзеге асырылуда. Бұл өнімдерді «Грамад» және «Магнум» ірі сауда желілерінен белгіленген бағада сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Әлеуметтік азық-тұлік бағасының тұрақтылығын қамтамасызын ету үшін тұрақтандыру қорына жергілікті бюджеттегі қомақты қырауар қаржы бөлінгенін айтқан шаһар басшысы қалада азық-тұлік бағасына бақылау күштейтілгенін және бағаны шекті мөлшерден асырған кәсіпкерге әкімшілік жаза қолданылатынын ескертті. Азық-тұлік бағасы шекті мөлшерден асырған жағдайда тұрақтандыру қорында әлеуметтік дүкендер саны артуда. Ал, әр аптаңың сәрсенбі, сенбі және жеке сәнбі қүндері қаланың 4 жерінде жергілікті тауар өндірушілері мен шаруа қожалықтарының катысувымен базар нарықынан 10-15%-ға төмен бағада азық-тұлік жәрменкелері ұйымдастырылуда. Ал ауылдағы баға тұрақтылығы қандай? Біз неге қаланы айттып отырмыз? Себебі

тұрақтандыру шаралары жүзеге асырылуда. Бұл өнімдерді «Грамад» және «Магнум» ірі сауда желілерінен белгіленген бағада сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Әлеуметтік азық-тұлік бағасының тұрақтылығын қамтамасызын ету үшін тұрақтандыру қорына жергілікті бюджеттегі қомақты қырауар қаржы бөлінгенін айтқан шаһар басшысы қалада азық-тұлік бағасына бақылау күштейтілгенін және бағаны шекті мөлшерден асырған кәсіпкерге әкімшілік жаза қолданылатынын ескертті. Азық-тұлік бағасы шекті мөлшерден асырған жағдайда тұрақтандыру қорында әлеуметтік дүкендер саны артуда. Ал, әр аптаңың сәрсенбі, сенбі және жеке сәнбі қүндері қаланың 4 жерінде жергілікті тауар өндірушілері мен шаруа қожалықтарының катысувымен базар нарықынан 10-15%-ға төмен бағада азық-тұлік жәрменкелері ұйымдастырылуда. Ал ауылдағы баға тұрақтылығы қандай? Біз неге қаланы айттып отырмыз? Себебі

Сонда ешқандай ресми ақпараттың, не болмаса құзырылы органдардың дәлелді құжаттарының ойна келген бағаны қойып сата береді ма? Мұндай көлеңсіз жағдайлар болмау үшін негізсіз, жалған ақпаратта сеніп бағаны көтеріп, азықтулік бағаларын дәлелсіз, себепсіз көтеріп жатқан саудагерлер мен дедалдардың жаупкершілігін артыру керек.

Тарихи деректерге көз жіберіп көрейік:

## ҚАУЛЫ № 76

Еңбекші депутаттардың Созақ аудандық советті атқару комитеті

Шолаққорған қыстагы 10 март 1947 жыл

Саудагерлер мен курсес жұмысының барысы жайлар

Саудагерлермен курсес жұмысындағы прокурор, милиция, сот, зан орындарын жеткіліксіз жұмыс істеп келгендігін атап көрсету, будан былай саудагерлер мен курсесу жөнінде ССР Министрлер советінің 1946 жылғы 13-сентябрьдегі қаулысын өз жерінде басшылықта алу милиция, сот және прокурорлардан талап етілсін.

Милициялардың қырагылықтарын күшейтіп жеке үйлерде базарларда тағы басқа жерлерде астық, матта тағы басқа заттардың бағасын саудагершілік жолымен асырып сатушыларды дер кезінде үстап қатап жаза беріп отыру аудандық МВД начальнигі Ж.Жайсанбаевқа тапсырылсын.

Басқа аудандармен және облыстардан келушілерден астық, мал сатып алударына бүтіндей тыым салынын. Егер мұндай жағдайда сезілетін болса кінәлілерді қатап жаупқа тарту аудандық милиция орындарына жүктелсін.

Саудагерлермен курсесу жөніндегі аудандық прокуратура міндеттері;

Саудагерлер мен курсесу милициялардың контрол жасап отыру.

Сауда жасашуларадың саудагерлердің істері сот орындарында көзекіз қаралып отыруын бақылау және өз мекемелерінен арнағы қызметкер қатыстыру.

Магазиндер мен сауда бөлімшелеріне үздіксіз байқаусызда ревизия тексеру жүргізіп отыру сауда бөлімінен Ж.Өткелбаевқа, аудандық тумын қогамынан Ж.Насыровтарга міндеттелсін.

Осы қаулы орындалмаган жағдайда жаупқа тартилатындығын алдын ала ескертілінсін.

Базарларда сатылатын ет, май түрлі продуктлерді өлшеу үшін көректі кір тастарын тез арада әзірлеу сауда орындарына жүктелсін.

Саудагерлерді үсташа үшін базар-комдардың милиция орындарымен тығыз байланыс жасалынуын қадағалап отыру Шолаққорған және Созақ селолық советтеріне тапсырылсын.

Е.Д. Созақ аудандық совет атком председателі / қолы қойылып, мөрі басылған/ Омаров.

Е.Д. Созақ аудандық совет атком председателінің секретары / қолы қойылыған/ Байділдаев.

Негізгі: қор 3, тізім1, бума 1 кітап 9 парап 72-73

Мына, көне құжаттарға көз салсақ, бағаны негізсіз өсірудің қайнар көзі алыштарлық, таразыдан жеу, арада жүретін дедалдардың әрекеттерге нақты жұмыс жасағаны көрініп тұр. Бізге де осында нақты бұлтартарапас жұмыс көрек сияқты. Азықтулік бағасы өсуінің негізі себебі-өндірістік және жем-шөп шикізатының, оның ішінде басқа елдерден әкелінетін шикізаттың қымбаттауына байланысты туындал отыр дейді кейір мамандар. Сонда өзіміз өндіретін өнімдердің бағасына не жорық? Атап айтқанда, былтыр аймақта құнбағыс алқаптарының шығымы



нашар болған. Оның үстіне көрши елдер пандемияға байланысты азықтулік қаупісіздігін күшешітіп, алдымен өз қорын толықтырып алған дейді. Біз неге ол жағдайларға алдын ала әрекет етпейді? Мүмкін бұл қамсыз отыранымыздың себебінен шығар. Мысалы, статистикалық есеп бойынша бір адамға жылына 109 кг үн өнім көрек екен. Ал ауданда астық шаруашылығы қалай жүзеге асып жатқаны өзімізге де мәлім. Бірақ қолдан келсе, өзіміздегі бар мүмкіндіктерді пайдаланып отандық өз өнімдерімізді ұқсата білу алдағы қундердің, еншісі болса деген ниет ғана. Енді көптің көкейінде жүрген екінші сауал. Мысалы, газ арзандады деп жатырмыз. Ал аудан ішінде, ауданнан тыс қалалар мен облыс орталығына қатынайтын такси көліктері бағаны айқайлатып көтеріп тастаған. Әрине, такси жүргізуінде де осы қоғамның мүшесілері, олардың бала-шагасы бар дегендей, алайда бұл қүнін зорға көріп отыран отбасылар үшін ауыр салмақ екені даусыз. Такси көліктерінің барлығы да газбен жүретін құрылғыларды ауыстырып алды деп те айта алмаймыз. Мүмкін көпшілігі бензинмен жүретін шығар. Десе де қанагатшылдық деген қариданы ұмытпаганы аблаз. Аудан ішінде арысы Қызметшек, Тайкоңыр, Ақсумбек ауылдарына барытын такsistер мен арнағы жолаушылар көлігінің газ, бензин бағала-

ырмашылық жоқ. Негізінде бақылау болмағандықтан әркім ойна келген бағаны айтып қараша халықтың қалтасын қағып отыраны анық.

Аудан орталығы Шолаққорғаннан ауданнның ауыл, кент әкімдіктеріне қатынайтын көліктердің жолаушылар тасымалдау бағасын жолаушылар тасымалдайтын такси орталығының реттеушісі Абади Гаюповтан сұрап білген едік. Ол кісінің айтуы бойынша:

Шолаққорған-Қызметшек-(210 шақырым)-2500 теңге

Шолаққорған-Шу (197 шақырым)-2000 теңге

Шолаққорған-Тасты-(165 шақырым)-2000 теңге

Шолаққорған-Жуантебе-(140 шақырым)-1500 теңге

Шолаққорған-Қаратай-(140 шақырым)-1500 теңге, Хиңдай көлігі-1000 теңге

Шолаққорған-Созақ-(70 шақырым)-1000 теңге

Шолаққорған-Сызған-(70 шақырым)-1000 теңге

Шолаққорған-Құмкент-(40 шақырым)-700 теңге

Шолаққорған-Таукент-(40 шақырым)-800 теңге

Шолаққорған-Жартытебе-(26 шақырым)-500 теңге. Ендігі кезекте бағаға жауп беретін құзырылы немесе тиісті мемлекеттік органдар ауданда қанша такси бар? Оның қаншасы газбен жүреді? Қаншасы бен-



рына және жолдың қашықтығын байланысты жасалынған жобалары аудан әкімдігі жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде комиссия алқасында талқыланып барып бекітілуі тиіс. Мысалы, Шолаққорғаннан Қаратай бағытына қатынайтын «Хондай» көлігінің бағасы бір адамға 1000 теңге, ал Шолаққорғаннан Созақ ауылына қатынайтын көліктің бағасы бір адамға 1000 теңге. Жол айырмасы шақырымда айырмашылық бар. Сонда бұл бағаны қалай реттеп алғаны түсініксіз. Мысалы Таукент кентіне 800 теңге болса, Құмкент кентіне 700 теңге болып тұр. Мұнда да шақырымдарында айтартықтай ай-

зин, соларкамен жүреді? Көліктерінің жарамдылығы? Соңы рет сервистік тексеруден қашан өтті? Қай жылғы? деген сияқты графалармен есеп жүргізуі көрек сияқты.

Сондай-ақ Президент Парламент Мәжілісінің отырысында «Азаматтардың әл-ауқаты» және әлеуметтік көніл күйі мемлекеттің басты назарында болуы көрек» деген сөзі көптеген көпшіліктің көніліне үміт отын жағып отыр.

Мұндағы менің айтып отыраным аудандарға бағаның көтерілуіне титтей де болса қатысы бар азаматтар мейлі ол басын болсын, қосын болсын, сатушы, немесе көлік жүргізуі болсын әрбіріміздің тәуелсіз еліміз-

дің дамуы мен тыныштығы, ауызбіршілігіне риясyz үлес қосуымыз парыз болмақ. Ендігі кезекте қараша халықтың әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, бағаны тұрақтандыру жұмысын қолға алғанымыз аблаз.

## Нан болмаса ән бола ма?

Азықтулік бағасының шегірткеше сөкіргеніне жүрттың бойы үйреніп, еті өліп кеткен. Қымбатшылық деген кү түлкі бұлғанға салып ешкімге ұстарат емес. Еуропалықтар өз әдettеріне айналдырыған есепкершілігімен күн көреді екен. Ол деген әмияныңдағы азғантай қаржысын қайткенде айдың аяғына жеткіземін дег «Мынау-азықтулікке», «Мынау-коммуналдық төлемдерге», «Мынау-қажетті киім-кешекке» дег жілік-жілікке бөліп қояды екен. Ал бізде ше бізде «құдай өзі жеткізеді», «Атында сат, тонында сат, жатарында тойып жат» немесе «барында батып же, жоғында сатып же» деген қағидамен күн көреді, кешегі кеңес заманында да солай күн кешіп өтті. Бірақ қанша қайтара бөлшектесе де, бағаға еңбекақысы тенdestirilip отырмағасын, ақшасы түскір желкесі қылылып кем шықпаса, басы артық ештеңе қалмайтыны белгілі гой. Ал «басқа ұлым бір басқа, Ертестігім бір төбе» демекші басқа азықтулік басқа да, наң қасиеті бөлек қой. Аудан көлемінде наң бағасы 110 теңге деген қолемінде сатылып жатыр. Дүкен сөрелері наңмен толыып, наңмен сәні кіріп тұр. «Нан болса, әнде болады» демекші, қарапайым халықтың негізгі қорегі-ас атасы-наң қымбаттамасын. «Бидай өзімізде өседі, үн өзімізде өндіріледі. Астыққа бай ед бола тұра наң неге қымбаттайтыды?» деген сауалдар жиқ қойылады. Оның не құпиясы бар. Қазіргі таңда бәрі жекеменшіккө өткен. Егістік те, суда, алқапта, әлеваторда, зауытта, қырман мен қырдағы басы да жекенің иелігінде. Олардың адамгершілік тұрғысынан отаншылдық, азаматтық ұстанымы болмаса, оған барып сен бидайынды пәлен тенгеден сат!» -деп айта алмайысын. Ол да себебін айтады, техниканы жалға аламын, мына жер біреудік мұның да арендаудасы бар, жанаң-жағар май қымбат, жұмысшыларымың айлығы, салығы ше деген кезде екі құлағынды қос қолынмен жауып алып безіп кеткін келеді. Алайда елде кешегі дөтөнеше жағдай болып жатқан кезде бір бөлке наңды 300 тенгеден сату деген ашкәздік, қанагатсыздық дер едім. Енді былайша айтқанда қын жағдайда наңды тегін үлестірмесе де өз бағасына берсе болады гой. Откен жолы теларналардың бірінде наң бағасының көтерілуі - нағыз инфляцияның белгісі деген еди. Бақсақ, наң жалпы еліміз бойынша қымбаттаған. Ауылшаруашылығы министрлігі мұның дікандарымыздың биылғы жаذا астықты аймақтарда қуаныштық болғанын тілге тиек етуде. Жиырмана жық әлеуметтік маңызы бар тауардың бағасына мониторинг жасайтын бөлімнің айтуынша бұл үн бағасының көтерілуімен байланысты дейді. Наннан өзге әлеуметтік азықтулік түрлөрі де баға тежеуішін тартса жақсы болар еди.

Кәсіпкерлердің еркіндігіндегі баға бұлай бұлтақтай берсе, наңның бұдан да қымбаттай түсү мүмкін. Өйткені кәсіп шығын емес, пайда әкелуі тиіс екен рас. Десе де бабаларымыз әмір бойы ұстанып өткен қанагатшылдық пен ынсаншылдық қасиеттерін үйгінгі замандастарымың, пейіл парасатына қайта оралса екен дегіміз келеді.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

**Президент үндеуі**

# Тұрақтылық пен тәуелсіздігіміздің кепілі

Қазақстан халқы дәл осы 11 қаңтардағы Президенттің Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламенттегі баяндамасын ерекше күтті. Соңғы орын алған оқигалар тек елімізға емес, бүкіл әлемдік ақпарат құралдарының назарында болды. Мемлекет басшысының бұл күндері шешімдерді уақытлы қабылдап қоймай, сонымен бірге болашақта жүзеге асырылуы тиіс шараларда да жіті ойластырылған аңғарылады. Қаңтар айының басында Қазақстан тап болған оқигалар еліміздің тұтастыры мен тәуелсіздігіне қауіп төндірген күрделі кезең болды. Осы кезеңде Президенттің тиімді шешімдер қабылданап, жағдайды тұрақтандыра алғанының қуасы болдық. Мемлекет Басшысы өз мәлімдемесінде болған оқигаларды сарапалап, бұл дағдарыстаң Қазақстанның қуатты әрі күшті мемлекет болып шығатындығына нық сенім білдірді. Мемлекеттік қауіпсіздік мәселе сінен бастап, әлеуметтік-экономикалық даму, саяси реформалар қешенін жүзеге асыру бастамасы көтерілді. Елдің күрделі кезеңге аяқ басқарын ескерсек, үндеуде айтылған тапсырмаларды жауапкершілікпен жүзеге асыру аса маңызды. Президент өз сөзінде «Сапалы білімге қолжетімділіктерді арттыру сөзсіз басым бағыт. Бұл – бүкіл қоғам дамуының аса маңызды факторы. Біз мектептерді қалай материалдық жағынан қамтамасыз етсек те, білім сапасын жақсы мұғалімдердің көтеру мүмкін емес. Ұлы Ахмет Байтұрсын-ұлы айтқандай, «Мұғалім – мектептің жүргегі». Сондықтан мен мұғалімдер тапшылығы бар өнірлерге үздік педагогтерді тартудың арнағы қолдау пакеттері бар арнағы бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын. Жоғары білімнің қолжетімділігі де – көкейкесті мәселе. Елдің халық тұрызы қоныстанған өнірлеріндегі жастарға арналған мақсатты гранттар бөлуге айрыша назар аудару қажет. Жаңа экономика құру үшін ЖКОО-ның бәсекеге қабілеттің арттыру маңызды. Таяуда Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу басталды. Жаңын арада Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жоспарланып отыр. 2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік жоғары оқу орындарының көм дегендеге 5 филиалын ашу қажет деп есептеймін. Осы орайда, екі техникалық бағдарламаған филиал еліміздің батысында болғаны жән. Жалпы, бәрімізге білім туралы көзқарасының өзгерту қажет. Гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі көлмеске кетті. Басымдықты техникалық мамандықтарға беру керек. Инженерлер мен өнеркәсіпшілердің жаңа бунын есірін шығару қажет» деп басты бағыт берді. Парламент мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы 2025 жылға қарай ел аумақында танымал жоғары оқу орындарының көмінде бес филиалын ашу қажеттігін атап етті. Оның ішінде көмінде екі ЖКОО еліміздің батыс өнірінде орналасуы және техникалық бейіні болуы тиіс. Айта кету керек, бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей президенті Владимир Путинмен кездесу барысында МФТИ және Бауман атындағы ММТУ сияқты ресейлік жоғары оқу орындарының Қазақстанда филиалын құрудың маңыздылығы туралы айтқан болатын. Қазақстандағы демократиялық реформалар мен қоғамдық көлісім тұжырымдамасы диалогсыз орын алмайтыны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағытта осы уақытқа дейін жүзеге асырылып келе жатқан шараларға тоқталып, саяси реформаларды жалғастыруды өзінің «принциптік позициясы» екенін жеткізу. Еліміздегі саяси мәдениетті қалыптастыратын диалог алаңдарын одан әрі нығайту Қоғамдық сенім кеңесі секілді органдар жүйесі арқылы жалғасын табатынына сенім білдірді. Ел апдаңда тұрган үлкен міндеттердің айқындаған бұл үндеу – жаңа дәүірдегі мемлекет тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің кепілі. Саяси сыңдарлы диалог пен экономикалық маңызды реформалар қоғамдық гүлдену мен мемлекеттің ертеңіне үлкен үміт ұялатады.

**Сәуле ЖАҚСЫБЕРГЕНОВА,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.**

“Nur Otan” партиясы “Халықта қемек” партиялық жобасы аясында осы жылдың 13 қаңтары күні Жыныс ата мекенінің тұрғыны, жұмыссыз, көпбалалы ана Бижанова Мейрамқұл қоғамдық қабылдауға келді. Мейрамқұлмен әңгіме барысында балалары мектеп жасында және осы уақытқа дейін біре бір мекемеде жұмыс істемегені белгілі болды. Отбасындағы тұр-



балаларым, отбасын аман болсын деп отыр. Қашанда біздің аналарымыз ел тыныштығының қадірін білген. Міне, осында аналарымыз бүгінгі күні үлгі боларлық іс-әрекеті жастардың бойында қайрымдылық сезімін ұялатып, имандылықта, тәзімділікке тәрбиелейді. Қазіргі таңда Мейрамқұлді «Таукент гүлдері» балабақшасына жұмысқа орналастырым.

# Қолдан келсе-жақсылық жаса

актылықты сақтау, ауызбіршілік, ынтымақтастық, ұлттық тәрбие туралы ой бөлісіп, көп балалы аманен пікір

алмастым. Сонымен қатар, бұл кісінің дархан мінезіне риза болдым. Ардақты ана өз отбасында балаларының тілеуін тілеп, еліміз тыныш,

**Карлығаш ЖАМИЕВА,**  
**Таукент кенті.**

## Эскери борыш-азаматқа міндет

Ағымдағы жылдың 18 қаңтар күні Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының кеңесші, іс-басқарушысы Е.Махмутұлы және әскери есеп жөніндегі бас маман С.Берікқараевтар

“Жаңа қазақстандық патриотизм” идеяларын насыхаттау мақсатында А.С.Макаренко атындағы жалпы орта мектебінің бітіруші түлектерімен кездесу өткізді.

Іс-шара барысында жастарға ұлтжанды ұрпақ болуды, еліміздің әрбір жас азаматтырымыз отан алдындағы әскери борышын етөу міндет екені, баса айтылды.

**Базар РАХМАНБЕРДІ,**  
**Сызған ауылы.**

## Жаппай декларациялау 2022 жылы мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген жеке тұлғалар қандай декларацияны тапсырады?

2022 жылдан бастап қазақстандық мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілгендер мен олардың жұбайлары (зайыбы) кірістері мен мүлкі туралы 270.00 нысанды декларацияны ұсынады. Осыған дейін, жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі аясында аталаған тұлғалар активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырған болатын. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынады мен оны толтыру қағидалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылдың 13 қыркүйегіндегі №927 бұйрығымен бекітілді.

Кірістері мен мүлкі туралы декларацияда жеке тұлғалар күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістері туралы (оның ішінде елімізден тыс жерлерде алған кірістері де бар), сондай-ақ мемлекеттік неме-

се өзге тіркеуге жататын мүлкіті сатып алғаны немесе иеліктен шығарғаны туралы (оның ішінде елімізден тыс жерлердегі мүлкі те бар) ақпаратты қорсетуі тиіс.

Бұдан басқа, декларацияда жеке тұлғалар есепті салық кезеңінде:

-жылжымайтын мүлкіті (пәтер, үй, жер учаскесі және т.б.);

-механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін (автокөлік, тіркеме және т.б.);

-занды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін;

-бағалы қағаздарды (акциялар, облигациялар, вексельдер және т.б.);

-инвестициялық алтынды;

-туынды қаржы құралдарын;

-тұрғын үй құрылышына қатысу үлесін сатып алуға жұмсаған шығындарын рас-

тап, мәліметтерді көрсетуі қажет.

Декларация жеке тұлғаның тұрғылықты (тұратын) жері бойынша ұсынлады.

Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңінің активтері мен міндеттемелер туралы декларациясын (250.00-нысанды) табыс еткен азаматтар үшін кірістері мен мүлкі туралы декларацияны табыс ету мерзімі:

-қағаз тұрінде 2022 жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей;

-электронды тұрде 2022 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей.

**Р.БАЙМАҚАШЕВА,**  
**Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының Салық төлеушилдермен жұмыс бөлімінің бас маманы.**

## Созақ аудандық мәслихат депутаттарының 2022 жылға тұрғындарды қабылдау кестесі

Р/Н	Аудандық мәслихат депутатының аты-жөні	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты	Қабылдау орны	Байланыс нөмірі
1	Байғараев Бегімбет Бімбетұлы Ермаканов Мейрамбек Нысанбекұлы Сүгірбаев Бағлан Қанжарбекұлы	Әр айдың бірінші аптасының сәрсенбі күндері	сағат 11:00-13:00, 15:00-17:00 аралығы	Созақ ауданы әкімдігінің ғимараты, 4-ші қабат, аудандық мәслихат аппаратының мәжіліс залы	8(72546)420-26
2	Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы Жүсін Фабит Елбергенұлы, Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы	Әр айдың бірінші аптасының бейсенбі күндері			
3	Майусова Нұржамал Әблілжанқызы Қабылбеков Елдос Қабылбекұлы Төлепбергенұлы Олжас Әлжанов Ролан Ізбасарұлы	Әр айдың екінші аптасының сейсенбі күндері			
4	Нұрланов Базарбай Нұрланұлы Бекішов Құрманғали Әбіхұлы Жамиев Қарлығаш Нышанбайқызы	Әр айдың екінші аптасының сәрсенбі күндері			
5	Бейсен Іңкәр Елібекқызы	Әр айдың екінші аптасының бейсенбі күндері			

# БЖЗҚ-дан төлеметін төлем мөлшері 2022 жылы 5 пайызға көтерілді

БЖЗҚ-дан төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 2 қазанындағы № 1042 қаулысымен (2021 жылдың 1 сәуірінен бастап қолданыса енгізілген өзгерістермен) бекітілген Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады. Осы Әдістемеге сәйкес зейнетке шыққан адамдарға төлемдер былайша есептеп: зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесі – 6,5% -ға көбейтіліп, одан кейін 12-ге бөлінеді. Нәтижесінде төлем алғынаның бірінші жылы БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемдермөлшері есептеп шығарылады. Белгілі бір санаттағы алушылар: мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2-тотығы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ, зиянды және қаупіт өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебін көмінде алпыс ай жинақталып, жұмыс істеген адамдар үшін зейнетақы төлемдерін есептеп әдістемесінде түзету ұлғайту коэффициенттері көзделген.

Келесі жылдары ай сайынғы зейне-

тақы төлемінің мөлшері жыл сайын зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесі – 5% ұлғайтылады.

Осылайша, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 1 сәуірінен бері зейнетке шыққан зейнеткерлерге төлеметін төлемдер 5% көбейді. 2018 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 1 сәуірі аралығында БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын іске асырган тұлғалар ескі Әдістеме бойынша төлемдерін алды. Яғни, зейнетақы жинақтарының сомасы ағымдағы құн коэффициентіне көбейтіліп, 12 айға бөлінген болатын. Алайда 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың былтырып зейнетақы төлемдері де 5% индекстелді.

Айта кетейік, БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% кем емес мөлшерде жүзеге асырылады. Тисінше, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-дан ең төменгі төлем 25 212,60 теңгіні құрады.

Егер төлем алуға өтініш берген күнгі зейнетақы жинақтарының сомасы

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға БЖЗҚ-дан бір рет төленеді (2022 жылы – 555 624 теңге = 12 \* 46 302 теңге).

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін төлем алу құқығын іске асырган зейнеткерлер үшін 2022 жылы есеп мынадай: олардың зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен (2022 жылы 30 x 46 302 = 1 389 060 теңге) ең жоғары шаманды және зейнетақы жинақтарының сомасын алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнның коэффициентіне көбейтуден тұрады. Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жеке зейнетақы шоғындағы зейнетақы жинақтары таусылғанша төленеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда

«ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайдысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару көнесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алууды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-куйі тұралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).

**«Созак үні»-ақпарат.**

## Хабарландыру!

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созак аудандық бөлімшесі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қымыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созак ауданы, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі №13 мекен жайында, 2022 жылдың қаңтар айының 24-ші жұлдызы күні «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**А.КУЛМЕНОВ,  
Бөлімшесі бастығы.**

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қымыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында және талаптары бұзылған жағдайда, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созак аудандық бөлімшесі 8(725-46)4-26-74 сенім телефоны арқылы жеке және занды тұлға өкілдерінің хабарламаларын қабылдайды.

Созак аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түсken барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптары беріледі.

**ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созак аудандық бөлімшесі.**

## Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанды

Аққолтық ауылының тұрғыны, асыл азамат, қамқор әке, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жараның ортасында сыйлы болған жан **Дәүлетбеков Нұрлыхан** Төлеңтайұлының дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң бауырымыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Кейінсөңдәгәсі бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып.**

**Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанды,**

Жадымызда тұхар әркез жаңғырып, - деп, асыл азамат Нұрлыхан Төлеңтайұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекіт, замандас достарының есіне саламыз.

Ас – 30 қаңтар күні (29 қаңтар – қонақ асы) Аққолтық ауылындағы өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

**Асқа шақырушылар: Дәүлетбековтер әулеті.**



## Ақысыз тіл курстарына шақырамыз!

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» берілген нақты тапсырмаларды орындау, нысаналы индикаторларға қол жеткізу мақсатында Созак ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт белімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммунальдық мемлекеттік мекемесі ауданның ересек тұрғындарын, мемлекеттік қызметшілер мен тұрлі сала қызметкерлерін қазак, орыс, ағылшын тілі қаралайым, орта, (Beginner, Elementary) деңгейлері бойынша

сауатты менгеруге шақырады. Оқыту курстары ересек тұрғындарға тегін жүргізіледі. Тіл үйренісі келетін азаматтар үшін тәжірибелі оқытушылар дәріс береді. Мемлекеттік тіл – ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы қаралайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгейлері бойынша мәңгертіледі. Орыс тілінің сабактарында лексикасы мен грамматикасы және ауыз екі сөйлеуге дағдылындыру дәрістери жүзеге асырылады. Ал ағылшын тілі қаралайым, орта, (Beginner, Elementary) деңгейлері бойынша

кезеңімен оқытылады. Біздің байланыс телефонымыз: 4-29-85, 4-28-21, 8771-627-02-06, 8778-626-90-36. Мекен-жайымыз: Жібек Жолы көшесі, №5. «Мыңжылқы» мәдениет сарайының ғимаратында.

**Созак ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт белімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығының коммунальдық мемлекеттік мекемесі.**

## Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

Сыбайлас жемқорлық-тәуелсіз Қазақстаның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індегі әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасындағы тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің халықта жолдаған «Қазақстан жолы 2050: Бір максат, бір мұдде, бір болашақ» атты жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазbastылық пен құжат айналмағының қолайсыз үдерісіне айналмаға тиis. Халық алдында есептілігін арттырып, әтіжеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергіліктерінде жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен крестің мән-маңызына тоқталып еткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың астарын ашып, мән-маңынасында үчілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мындаған жылдар бұрын өмір сүрген ғұламағындырымыздың еңбектерінен көздестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділет-сіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне көрек әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық, алыс-беріс жағдайы қандай? – деген сауалға жауап іздел көреік. Оқуға, яжымысқа қабылдану үшін парамен ұсталып жататын қызметкерлерді екі күннің бірінде көз көріп, құлақ естіп жататыны да жасырын емес.

Сөзімізді түйіндей келе, сыбайлас жемқорлық – індегі, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен кресті әр адам өзінен бастауды қажет дегі ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекеттік қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы көрек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Қасым-Жомарт Тоқаевша айтсақ, «сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел дірменмен алысу». Сыбайлас жемқорлық толықтай қазақтың қоғамына, одан қанына сіне бастаса, ұлт ұл болудан, ел ел болудан қалатыны хақ. Елдегі бұл ауыр індегі жою үшін кресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянаңай күресу – әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та парызы.

**А.Кулменов,  
ҚР ДСМ СЭБК «УСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созак аудандық бөлімшесі бастығы.**

Созак ауданының адами әлеуетті дамыту белімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кесіпод

